

## ПРЕСС-РЕЛИЗ

Алматы қаласы

2020 жылдың 10 қарашасы

### **KASE 2020 жылға қазан айына биржалық нарықтың жұмыс қорытындысын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2020 жылдың қазан айына негізгі жұмыс қызметі туралы ақпарат ұсынады.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 2020 жылдың қазан айында 9,9 трлн теңгені құрады, қыркүйек айындағы кезеңімен салыстырғанда 32,4 % немесе 2,4 млрд теңгеге өсті.
- KASE Индексі мәні 1,3 % немесе 31,77 өсіп, 2 456,93 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын қаржыландыру 1,7 % өсіп, 294,5 млрд теңгеге артып, 18 трлн теңгені құрады.
- Корпоративтік облигациялардың көлемі 3,3 % немесе 475,3 млрд теңгеге артып, 14,8 трлн теңгені құрады.
- 2020 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 185 эмитенттің 450 мемлекеттік емес бағалы қағаздары тіркелген.
- 2020 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 127 319 жеке шот тіркелді, ол өткен айға қарағанда 1 548 шотқа артық, 2020 жылдың басына қарағанда 9 624 шотқа артық.

### **НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР**

2020 жылдың қазан айында KASE келесі іс-шаралар мен жобаларды өткізді:

- 28 қазаннан бастап, Қазақстан Республикасының заңдарына, KASE ішкі құжаттарына, БҰҰ Бас келісім-шарты және БҰҰ жауапты инвестициялау қағидалары шарттарына сәйкес "Биржаның тұрақты даму саясаты" қолданысқа енгізілді. Саясаттың негізгі мақсаты – Биржа тұрақты даму саласында басқару жүйесін құруда Биржаның ұстанатын негізін қалаушы нормалары, қағидалары, ережелері мен ұстанымдарын анықтау болып табылады.
- 2020 жылдың 26 қазанында KASE "НГК "Тау-Кен Самрук" акционерлік қоғамымен бірлесіп, тау-кен секторы компаниясының өкілдерімен Биржаға капитал тарту тақырыбында онлайн кездесу өткізді.
- 2020 жылдың 26 қазанында "KASE Startup" даму аясында Биржа QazTech Ventures бірлесіп, барлық қатысам деушілерге арнап, сингапур қорынан қазақстандық стартап-жобаларға қолдау көрсету мәселелері бойынша онлайн кездесу өткізді.
- 2020 жылдың 20 қазанынан 30 қазанына дейін KASE Қазақстандағы акциялармен биржалық сауда-саттықты түрлендіруге бағытталған акциялар нарығында жеке инвесторлар арасында конкурс өткізеді. Конкурсқа қатысу үшін тіркеу 2020 жылдың 15 қарашасына дейін жалғасады. Конкурс жеңімпаздары мәміле жасау қорытындысы бойынша ең көп табыс тапқан үш қатысушы бола алады.
- 05 қазаннан бастап, "Business FM" радио эфирінде "KASE биржалық жаңалықтары" шығарылды. Хабарлама KASE биржалық нарығы динамикасы туралы, оның жобалары мен үрдістері туралы актуалды ақпаратқа ие.

## АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Қазан айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын қаржыландыру 1,7 % немесе 294,5 млрд теңгеге артып, 18 трлн теңгені (41,5 млрд USD) құрады.

Қазан айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде 125 эмитенттің 141 атаулы акциялары орналастырылды, олардың ішінде бес шығарылым бейлистингілік бағалы қағаздар секторында айналымға жіберілді.

Қазан айында үш атаулы акциялар KASE "Бейлистингілік бағалы қағаздар" секторында айналымға жіберілді: "CHINATOWN" АҚ, "Қазақстан Мақтасы" АҚ және "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ.

Қазан айында акциялармен сауда-саттық көлемі 2020 жылдың қыркүйек айына қарағанда 52,2 % немесе 16,7 млрд теңгеге төмендеп, 15,3 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа көлемі 694,1 млн теңгені құрады, мәміленің орташа күндік саны - 721, бір мәміленің орташа көлемі – 962,1 мың теңге.

Инвесторлардың негізгі санаты арасында қайталама нарықта белсенді болғаны жеке тұлғалар, олардың шоттарына акциялармен мәмілелердің жалпы көлемінің 48,2 % келді. Брокер-дилерлердің үлесі 15,9 %, өзге институционалдық инвесторлар – 5,6 %, өзге заңды тұлғалар 24,7 %. Екінші деңгейдегі банктер (ЕБД) сауда-саттыққа 5,6 % келді. Бейрезиденттердің қатысуы 9,6 % бағаланады.

## KASE ИНДЕКСІ

2020 жылдың тамыз айында KASE Индексі 1,3 % дейін немесе 31,77 нүктеге өсіп, 2 456,93 нүктені құрады. Индекс акцияларымен мәміле көлемі қазан айында 14,1 млрд теңгені құрады, ол қыркүйек айындағы көрсеткіштен 1,2 % жоғары.

### KASE өкілеттік тізіміне кіретін акциялардың бағасын өзгерту

Эмитент	Сауда-саттық коды	баға өзгеруі		
		01.10.2020	01.11.2020	қазан айында
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 921,09	3 271,00	+12,0%
"Кселл" АҚ	KCEL	2 590,00	2 720,00	+5,0%
"Қазахтелеком" АҚ	KZTK	24 980,98	25 112,00	+0,5%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	801,50	800,00	-0,2%
"Банк ЦентКредит" АҚ	CCBN	219,01	218,00	-0,5%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 710,00	1 676,59	-2,0%
"Казатомпром" АҚ	KZAP	6 185,00	6 050,00	-2,2%
"Қазақстан Халық жинақ Банкі" АҚ	HSBK	114,60	109,17	-4,7%

KASE Индексі өсімінің негізгі драйвері KAZ Minerals PLC жай акциялары болды, есептік кезеңде 12 % дейін қымбаттап, 3 271 теңгені құрады. 29 қазанда сауда-саттық күнінде мыс өндіру компаниясы кезекті рет 2020 жылдың максималды мәнін жаңартуға мүмкіндік алды, сөйтіп, жыл басынан бері өсімді 24,4 % жаңартты, ал 2020 жылдың төменгі баға белгілеуі (16 наурызда) 113,8 % (x 2,1 есеге дейін) құрады. Лондон қор биржасында (LSE) эмитент акцияларың құны есептік кезеңде 20,2 % дейін өсіп, 630 британ пенсін құрады.

Индекстік акциялар арасында ең төмендегені "Қазақстан Халық жинақ Банкі" АҚ жай акциялары. Олардың бағасы бір айда 4,7 % төмендеп, 109,17 теңгені құрады, ол жылдық минимумнан 20 % жоғары. Сонымен қатар, "Қазақстан Халық жинақ Банкі" АҚ жай акциялары есептік кезеңде барлық саудаланатын акциялар арасында жасалған мәмілелер саны бойынша алдыңғы орынға ие болды.

## КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҒЫ НАРЫҒЫ

Корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі қазан айында 3,3 % артып немесе 475,3 млрд теңгеге артып, 14,8 трлн теңгеге (33,4 млрд USD) жетті.

Қазан айының соңындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде 68 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 2644 шығарылымы болды. Есептік айда KASE ресми тізіміне корпоративтік

облигациялардың төрт шығарылымы енгізілді: "Қазақстан даму банкі" АҚ, "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы АҚ, "Сбербанк России" Еншілес Банкі АҚ және "ТехноЛизинг" ЖШС шығарылымы.

Есептік кезеңде ресми тізімнен айналым мерзімі аяқталуына байланысты бір корпоративтік шығарылымы шығарылды: "Еуразиялық банк" АҚ айналым мерзімі аяқталуына байланысты.

KASE\_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні қазан айында 1 базистік нүктеге өсіп, жылдық 10,93 % құрады.

Қыркүйек айына қарағанда Биржадағы корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі 7 есе немесе 429,9 млрд теңгеге өсіп, 502 млрд теңгені құрады. Орташа күндік сауда-саттық көлемі 22,8 млрд теңге, орташа күндік мәміле саны – 17, бір мәміленің орташа көлемі – 1,4 млрд теңге.

- Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығында бес эмитенттің тоғыз облигациялық "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,89–11,97 % үш шығарылым облигацияларын орналастырып, 234,8 млрд теңге тартты.
- "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы" АҚ өтеу кірістілігі жылдық 6,02 % он екі жылдық екі шығарылым облигацияларын орналастырып, 200 млрд теңге тартты.
- "ОнлайнКазҚаржы шағын қаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00006877 (MFOKb1) екі жылдық облигацияларын өтеу кірістілігі жылдық 19,00 % орналастырып, 1,4 млрд теңге тартты.
- "Бөлшек және көтерме сауда кәсіпорны" АҚ өтеу кірістілігі жылдық 10,49 % және 10,50 % және өтеу мерзімі сәйкесінше 5,7 жыл және 7 жыл, екі шығарылым облигацияларын орналастырып, 3,5 млрд теңге тартты.
- "ТехноЛизинг" ЖШС өтеу кірістілігі жылдық 16,5 %, өтеу мерзімі бір жылға дейінгі облигацияларды орналастырып, 500 млн теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 4 %, брокер-дилерлердің үлесі – 7,1 %. Басқа институционалдық инвесторлар – 38 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 50,6 %, жеке тұлғаларға – 0,3 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 4,4 % бағаланды.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі қазан айында 3,4 есе немесе 43,5 млрд теңгеге өсіп, 61,7 млрд теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 5,9 %, брокер-дилерлердің үлесі – 31,6 %, басқа институционалдық инвесторлар – 15,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 44,8 %, жеке тұлғалардың үлесі - 1,8 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 36,2 % бағаланды.

## **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)**

Қазан айының қорытындысы бойынша Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналдық құны бойынша сомасы 1,5 % немесе 237,8 млрд теңгеге өсіп, 16,2 трлн теңгеге (37,6 млрд USD) өсті.

Қазан айында МБҚ секторына Америка құрама Штаттары Қаржы министрлігінің халықаралық облигациялары және жергілікті атқарушы органның облигацияларының 35 шығарылымы енгізілді.

Сонымен қатар, есептік кезеңде МБҚ нарығы көлемі 2,4 есе немесе 379,2 млрд теңгеге өсіп, 645 млрд теңгені құрады, алғашқы нарықта сауда-саттықтың айтарлықтай өсім көлемі - 2,6 есе. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 29,3 млрд теңге (қайталама нарықта – 1,7 млрд теңге), бір мәміленің орташа күндік көлемі – 8 (қайталама нарықта – 2), бір мәміленің орташа көлемі – 3,5 млрд теңге (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 802,6 млн теңге).

Алғашқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 608,1 млрд теңгені құрады, қыркүйек айындағы көрсеткіштен 2,6 есе немесе 377 млрд теңге жоғары. Олардың ішінде 201,8 млрд теңге 14 облыстың әкімдіктері және Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қаласының әкімдіктері "2020–2021 жылдарға жұмыспен қамту жол картасы" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында тартты. Қаржы министрлігі 406,3 млрд теңге тартты, қыркүйек айына қарағанда ол көрсеткіш 83,2 % жоғары. Барлығы қазан айында орташа сараланған кірістілігі жылдық 9,83–10,52 % -бен (жылдық 9,74–10,52 %), 13 облигациялық шығарылымы орналастырылды. Сатып алушылар ретінде ЕДБ қатысты, брокер-дилерлер үлесі 1 % құрады, өзге 0,9 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі 48,2 %, өзге заңды тұлғалардың қатысу үлесі 33,3 % құрады.

Қазан айының қорытындысы бойынша қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 6,4 % немесе 2,2 млрд теңгеге өсіп, 36,9 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтың жалпы сауда-саттық айналымынан МЕКАМ мәмілелеріне 86,5 % немес 31,9 млрд теңгеден келді. 13,2 % немесе 4,9 млрд теңге – Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарын құрады. Қалған 1 % (116,1 млн теңге) аз көлемі Қазақстан Республикасының еурооблигацияларына және шет мемлекеттердің МБҚ облигацияларына келді.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 12,2 %, брокер-дилерлердің үлесі – 16,8 %, басқа институционалдық инвесторлар – 6,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 64,2 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1 % асқан жоқ. Резидент еместердің қатысу үлесі 57,8 % болады.

### ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 29 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

Қазан айында қайталама нарықта 2,6 млрд теңгеге үш мәміле жасалды, ол өткен айға қарағанда 2,5 млрд теңгеге артық. Инвесторлар аясында ЕДБ үлесі 38,9 %, қалған үлесі – 61,1 % – өзге заңды тұлғаларға келді.

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҰЛДАРЫ

01 қазандағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында тоғыз компанияның басқаруындағы 13 қаржы құралы болды.

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 2,8 млрд теңгені құрап, өткен жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда 5 млрд теңгеге немесе 64,2 % төмендеді.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
RU_UKFFipo	2 707,0	654
US_BIL_	26,2	7
CSECgm	20,2	3
US_SPY_	16,2	71
FFIN_or	3,3	10
IE_FXBF	0,4	55
	<b>2 773,4</b>	<b>800</b>

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 57,2 %, брокер-дилерлердің үлесі – 36,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі - 6 % болды.

"Fixed Income" аралық үлеспұл инвестициялық қорының басқарушы компаниясы болып табылатын "Фридом Финанс" АҚ 2020 жылдың 10 қазанында 2020 жылдың үшінші тоқсанына KZPF00000082 (FFIN\_or) үлеспұл ұстаушыларға дивиденд төлегені туралы хабарлады. Ұсынған ақпаратқа сәйкес, төлем сомасы 15 106 917,11 теңгені құрады, дивиденд төлеушілер үшін үлеспұл ұстаушылардың тізілімін тіркеу күні – 2020 жылдың 30 қыркүйегі.

### БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2020 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 127 319 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш алдыңғы айға қарағанда 1 548 шотқа және 2020 жылдың басына қарағанда 9 624 шотқа артты.

### ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

2020 жылдың қазан айында Қазақстан қор биржасында шет елдік валюталар нарығында KASE 28 мүшесі қатысты. Есептік кезеңде нарықта "Freedom Finance" АҚ және "CAIFC INVESTMENT GROUP" Ақ екі брокер қатысты, сауда-саттықтағы брутто айналымдағы қатысу үлесі 0,7 % құрады.

Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі шілде айында 1,05 трлн теңгеге жетіп, өткен жылдың көрсеткішінен 7,2 % немесе 81,8 млрд теңгеге артық. Орташа күндік мәмілелер

саны – 48 млрд теңге, бір мәміленің орташа көлемі – 360, бір мәміленің орташа күндік көлемі – 133,3 млн теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен айдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валюта бірл.млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	2 400,81 (-9,3 %)	97,7 % (-1,1 %)	7 713 (-2 714)	427,28 – 432,66	432,66 (+0,8 %)
RUB/KZT	3 471,40 (x9,3)	1,8 % (+1,6 %)	144 (+45)	5,4688 – 5,6289	5,4688 (-1,4 %)
CNY/KZT	81,12 (-48,0%)	0,5 % (-0,4 %)	51 (-28)	63,6100 – 64,7473	64,7473 (+1,5 %)
EUR/KZT	0,82 (-81,1 %)	0,1 % (-0,2%)	12 (-17)	501,7 – 508,7	506 (+0,4 %)

## АҚША НАРЫҒЫ

Қазан айының аяғында TONIA индикаторы (РЕПО мәмілелері ашылуы бойынша бір жұмыс күнінен орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 103 б.н. артып, жылдық 9,63 %-дан 8,60 %-ға жетті.

TWINA индикаторы мәні (РЕПО мәмілелері ашылуы бойынша мерзімі жеті жұмыс күніне орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 3 б.н. төмендеп, жылдық 9,29 %-дан 9,32 %-ға жетті.

Қазан айының соңында бір күндік долларлық своп операцияларының кірістілігі SWAP-1D (USD) 10,76 % дан 7,68 %-ға артып, 308 б.н. құрады. Екі күндік своп операцияларының кірістілігі SWAP-2D (USD) сондай-ақ, жылдық 9,82 % -дан 7,51 %-ға артып, 231 б.н. құрады.

USD/KZT валюталық своп операциялары бойынша және бір жұмыс күніне ашылған, МБҚ автоматты репо операциялар бойынша орташа сараланған мәміле көлемі арқылы кірістілік мәнін көрсететін қаржы нарығының композиттік индикаторы MM\_Index, 133 б.н. артып, жылдық 9,85 %-дан 8,52 %-қа дейін төмендеді, қазан айында орташа сараланған мөлшерлемесі 9,02 %.

## Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттықтар көлемі 7,3 млрд теңгені құрады (қыркүйек айында репо операцияларының көлемі 5,4 трлн теңге), өткен жылдың көрсеткішінен 1,9 трлн теңгеге немесе 35,3 % артық. Репо операцияларының орташа күндік көлемі 333,8 млрд. теңге болды, орташа күндік мәмілелер саны – 374, бір мәміленің орташа көлемі – 893 млн теңге.

## Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы операциялардың сауда-саттықтар көлемі 338,6 млрд теңгеден, ол қыркүйек айында 200,8 млрд теңгеге немесе 37,2 % төмен (қыркүйек айында 539,5 млрд теңге, қазан айында 338,6 млрд теңгеге дейін).

Операцияларының орташа күндік көлемі қазан айында 15,4 млрд теңгені, орташа күндік мәмілелердің саны – 5, бір мәміленің орташа көлемі – 3,3 млрд теңгені құрады.

Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 77,3 % бір күндік валюталық своптардың нарығында (USDKZT\_0\_001) үлесінде болды, екі күндік валюталық своптардың нарығында бір күндік валюталық своп мәмілесіне (USDKZT\_0\_002) жалпы сауда-саттық көлемінен 2,5 % (USDKZT\_0\_01M).

## ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Биржалық нарықтың деривативтер секторында саудалауға, базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі, акциялардың жекелеген атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. Қазан айының басында деривативтер нарығының сауда-саттыққа қатысушыларының ашылған жайғасымдары болған жоқ, тамыз айында операциялар жүргізілмеді.

### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технологияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрын көрсетеді.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін айқын инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне себептеседі.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).